

Маңғыстау ауданы әкімдігінің 2006 жылғы 25 желтоқсандағы № 165 "Маңғыстау ауданында орналасқан республикалық дәрежедегі "Сисем-Ата" мазарының жанына жаңа қойылымдар орнатуға (жерлеуге) тыйым салу туралы" қаулысының күшін жойылды деп тану туралы

Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 14 ақпандағы № 38 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2022 жылғы 21 ақпанда № 26860 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес, Маңғыстау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Маңғыстау ауданы әкімдігінің "Маңғыстау ауданында орналасқан республикалық дәрежедегі "Сисем-Ата" мазарының жанына жаңа қойылымдар орнатуға (жерлеуге) тыйым салу туралы" 2006 жылғы 25 желтоқсандағы №165 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №11-5-35 болып тіркелген) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Маңғыстау ауданының әкімі

Т. Қушмағанбетов